

Әлқожаева Н.С., Ельбаева З.У.

**Қазақстан мен Оңтүстік Корея мемлекеттерінің орта білім беру жүйесі: салыстырмалы талдау**

Мақалада авторлар Қазақстан мен Оңтүстік Корея мемлекеттерінің орта білім беру жүйелеріне салыстырмалы аналитикалық талдау жасаған. Қазақстан мен Оңтүстік Корея мемлекеттерінің жалпы орта білім беру жүйесіндегі нормативтік құжаттарына сараптама жасап, мектептік білім беру жүйесінің әр деңгейіне сипаттама берген. Мемлекеттердегі мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету және оқулықтарының мазмұнына қысқаша шолу жасаған.

Мақаланың қорытынды бөлімінде авторлар Оңтүстік Корея мектептік білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере біздің мектептік білім беру жүйемізді жетілдіруге қысқаша ұсыныстар жасаған.

**Түйін сөздер:** білім беру жүйесі, мектептік білім беру құрылымы, білім беру бағдарламалары, мектептік білім беру деңгейлері.

Alkojayeva N., Yelbayeva Z.

**The system of state secondary education of Kazakhstan and South Korea: comparative aspect**

The authors describe the comparative aspects of the school education system in Kazakhstan and South Korea. A brief review of the regulations in the school education system of Kazakhstan and South Korea is made, and various levels of the school education system are described. The criteria for comparison were: management education, the structure of the secondary education system, characteristics of primary education, the main characteristics of the secondary level of the education system, the characteristics of senior secondary education. In addition, a comparison of the standards of the education system of Kazakhstan and South Korea.

The authors put forward their ideas concerning use of international educational practice in development of the education system in our country. They also describe the distinguishing parameters of South Korea school education and make recommendations to improve our school education system.

**Key words:** educational system; structure of school education, educational programs; levels of school education.

Алқожаева Н.С., Ельбаева З.У.

**Система государственного среднего образования Казахстана и Южной Кореи: сравнительный аспект**

В статье авторы в сравнительном аспекте делают аналитический анализ системы среднего образования Казахстана и Южной Кореи. Проведен краткий обзор нормативных документов в школьной системе образования Казахстана и Южной Кореи, а также описаны различные уровни школьной системы образования. Критериями сравнения были: управление образованием, структура системы среднего образования, характеристика начального образования, основные характеристики средней ступени системы образования, характеристики старшей ступени среднего образования. Кроме того, проведено сравнение стандартов системы образования Казахстана и Южной Кореи.

Авторы выдвигают идеи в отношении использования международной образовательной практики в развитии системы образования в нашей стране. Описывают отличающие параметры школьного образования Южной Кореи и дают рекомендации по улучшению нашей школьной системы образования.

**Ключевые слова:** система образования, структура школьного образования, образовательные программы, уровни школьного образования.

**ҚАЗАҚСТАН МЕН  
ОҢТҮСТІК КОРЕЯ  
МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ  
ОРТА БІЛІМ БЕРУ  
ЖҮЙЕСІ:  
САЛЫСТЫРМАЛЫ  
ТАЛДАУ****Кіріспе**

XXI ғасыр адамзат тарихында әлемдік жаһандану үдерісінің қарқынды көрініс табуымен есте қалады. Жаһандану саясат, әлеумет, мәдениет өлшемдерінен тұратын кешенді феномендер негізінде түсіндірілетін ұғым. Жаһандану заманында кез келген мемлекеттің негізгі мақсаты ұлттық ерекшелігін сақтап, әлемдік ғылым, білім, мәдениет кеңістігіне толық интеграциялану. Нақты осындай мақсатты, яғни білім беру саласында ұлттық білім беру үлгісін сақтап, әлемдік нарық сұранысына сай тұлғаны қалыптастыру, дамыту мақсатын көздеген Қазақстан білім беру жүйесінде, соның ішінде орта білім беруге соңғы онжылдықта көптеген өзгерістер мен жаңалықтар енгізілді. Соның ішінде, өзгерістер жалпы орта білім беру жүйесіне қажетті ұлттық үлгідегі оқулықтардың басылып шығарылуы, үш тұғырлы тіл саясаты және 12 жылдық білім беруге көшу жоспарын атап өтуге болады [1]. Орта білім беру жүйесіндегі аталған мәселелер соңғы жылдары Қазақстан қоғамында ең көп талқыланатын мәселелер қатарына айналды. Аталған мәселелердің жоғары талқылануға жатуының негізгі себебі Қазақстан үкіметі де, Қазақстан қоғамы да 20-30 жылдан кейін Қазақстанға қандай мектеп керек? Ол мектепте Ұлттық білім беру үлгісі сақталады ма? Болашақ ұрпағымыздың тәрбиесі қандай болмақ? деген сұрақтарға нақты жауап бере алмауымен байланысты. Әрине, аталған сұрақтарға жауап беру өте қиын, дегенмен білім беру саясатын, соның ішінде орта білім беру жүйесін зерттеген ғалымдар (А.Қ. Құсаинов, А.К. Мынбаева, Ш.Т. Таубаева, А.А. Булатбаева, Н. Анарбек, шетелдік ғалымдардан Т. Regan, Giroux, Н, Les Bell, Howard Stevenson, Э. Днепров, И. Кондаркова, С.Н. Еремина, В.И. Жукова, И.А. Кузьмина, В.Б. Миронова, В.И. Паршикова, В.Д. Семенова, Е.В. Семенова, О.Н. Смолина, А.Р. Нұртазина, Ә.С. Жақсыбеков, А.Х. Бижанов, А.Н. Нысанбаева) еңбектеріне сүйене әлемнің озық мемлекеттерінің орта білім беру жүйелерін сараптау, әлемдік өзгерістерге үйлесімді бейімделу және мемлекет тарапынан дұрыс қойылған мемлекеттік білім беру саясаты мен мектептік саясат аталған сұрақтарға дұрыс жауап табуға ықпал етеді деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді [2. 3].

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына көрсетілген міндеттердің бірі, орта білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту. Аталған міндетті жүзеге асыру барысында салыстырмалы педагогикалық зерттеулердің орны ерекше. Жаһандану дәуірінде әлемдік ғылым кеңістігінде ерекше бағаланатын, орта білім беру жүйесінде өзінің ұлттық білім беру үлгісін сақтап қалған Оңтүстік Корея орта білім беру жүйесін Қазақстан орта білім беру жүйесімен салыстыра зерттеу заман қажеттілігі.

### Негізгі бөлім

XXI ғасырда білім сапасын жоғарылату және әлемдік білім кеңістігінде өзіндік орнын айқындауды мақсат еткен елдердің қатарында тек Қазақстан ғана емес, сонымен қоса Оңтүстік Корея да бар. Соңғы онжылдықта орта білім беру сапасын зерттейтін халықаралық TIMSS, PISA, PIRLS зерттеу бағдарламаларының нәтижесі бойынша Оңтүстік Корея мемлекетінің орта білім беру сапасы әлемнің ең үздік ондығына кіреді [4].

Оңтүстік Корея мемлекетінде білім беру саласындағы барлық сұрақтар бойынша «Білім беру Министрлігі» айналысады. Оңтүстік Корея мемлекетінің Білім беру Министрі 1 жылға мемлекет президенті тарапынан тағайындалады. Корея халқы білім беру саласындағы заңнамалық актілерге үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Көп зерттеуді қажет ететін Оңтүстік Корея мемлекетінің орта білім беру жүйесі 12 жылдық білім беру үлгісінде оқытылады. 12 жылдық білім беру жүйесі үш деңгейлі: бастауыш, негізгі орта және аға мектептер (6+3+3=K12). Мектептің әр деңгейі, яғни бастауыш, негізгі орта және аға мектептері жеке мекемелерде орналасады. Оңтүстік Кореядағы жалпы орта білім беру жүйесіндегі бастауыш 6 жыл, негізгі орта мектеп 3 жыл тегін және міндетті болса, аға мектеп 3 жыл ақылы болып есептеледі. Тегін мектеп өзіне тегін оқулықтарды, тегін мектеп формасын, тегін тамақтануды қосады. Дегенмен, оқушылардың мектеп формасын қолдануы немесе қолданбауы мектеп әкімшілігі тарапынан анықталады. Көп жағдайда бастауыш және орта мектептерде біркелкі форма киілмейді, дегенмен аға мектептерінде біркелкі форма кию міндетті болып есептеледі [1].

1-кесте – Қазақстан және Оңтүстік Корея мектептік білім беру жүйелері

Қазақстан мектептік білім беру жүйесі	Оңтүстік Корея мектептік білім беру жүйесі
<b>Басқару жүйесі</b>	
ҚР білім беру мәселелерін «Білім және ғылым министрлігі» қарастырады. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты ҚР білім беру саласындағы орталық орган және жергілікті жүзеге асырушы органдар мен білім беруді басқару органдары жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарының ғылыми әдістемелік басқармасын білім беру саласындағы орталық жүзеге асырушы орган басқарады. ҚР білім беру ұйымдарын басқару ҚР заңына және білім беру ұйымының уставы, типіне сәйкес білім беру ұйымдарының Типтік бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.	Оңтүстік Кореяның орта білім беру жүйесінің негізгі сұрақтарымен Білім, Технология және Ғылым министрлігі (Ministry of Education, Science and Technology, Korea) айналысады. Оңтүстік Корея оқу бағдарламасын Оңтүстік Кореяның Білім, Технология және Ғылым министрлігі (Ministry of Education, Science and Technology, Korea) тарапынан бекітіледі. Оқу бағдарламасының мазмұны жалпы орта білім беру жүйесінің менеджерлеріне түсінікті болу үшін оқу бағдарламасын жасаушы авторлар тарапынан түсіндірме іс-шаралары жүргізіледі.
<b>Жалпы орта білім беру үлгісі:</b>	
Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудың 2010 жылға дейінгі бағдарламасы негізінде жалпы орта білім үш сатылы: - бастауыш (1-4 сыныптар), - негізгі орта мектеп (5-9 сыныптар) - жоғарғы сынып (10-11 сыныптар) Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, «Қазақстан – 2050» стратегиялық даму бағдарламасы мен басқа нормативтік құжаттарға сәйкес Қазақстан жалпы орта білім беру жүйесі 2016 жылдан 12 жылдық білім беру үлгісіне көшуді жоспарлауда.	Оңтүстік Корея мемлекетінің орта білім беру жүйесі 12 жылдық білім беру үлгісінде оқытылады. - бастауыш (1-6 сыныптар), - негізгі орта (7-9 сыныптар) - аға мектеп (10-12 сыныптар) 12 жылдық білім беру жүйесі үш деңгейлі: бастауыш, орта және жоғарғы мектептер (6+3+3=K12). Мектептің әр деңгейі, яғни, бастауыш, орта және аға мектептері жеке мекемелерде орналасады.

<b>Бастауыш мектеп сипаттамасы</b>	
<p><b>Бастауыш мектеп 1-4 сынып.</b> «Білім туралы» Заңның 4 тарау, 16 бабына сәйкес Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын Бастауыш сыныпта оқытылатын білім салалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тіл және әдебиет;</li> <li>- Екінші тіл – орыс тілі;</li> <li>- Шет тілі;</li> <li>- Математика;</li> <li>- Дүниетану;</li> <li>- Адам және қоғам;</li> <li>- Бейнелеу өнері;</li> <li>- Технология;</li> <li>- Дене шынықтыру;</li> <li>- Өн-күй.</li> </ul>	<p><b>Бастауыш мектеп 1-6 сынып.</b> Оңтүстік Корея мемлекетінің Ұлттық білім беру бағдарламасына сәйкес бастауыш мектептің негізгі мақсаты оқушыларда базалық академиялық және өмірлік құзіреттіліктерді меңгерту. Бастауыш мектеп білім беру барысында оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жеке ақыл-ес және физикалық мүмкіндіктерін дамытады;</li> <li>- базалық өмірлік дағдыларды дамытады және түрлі коммуникация формаларында өздерінің ойлары мен сезімдерін жеткізе алады;</li> <li>- оқушылар өз қызығушылықтарын жеткізе алады;</li> <li>- Корея ұлтының тарихын, дәстүрі мен мәдени мұрасын түсіндіре және бағалай алады;</li> <li>- салауатты өмір салтын ұстанады және мемлекет мәдениетін сыйлайды.</li> </ul> <p>Бастауыш сыныпта міндетті оқылатын пәндер тізімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Корея тілі;</li> <li>- Рухани-адамгершілік білім беру;</li> <li>- Математика;</li> <li>- Әлеуметтік білім беру «Дұрыс өмір сүру»;</li> <li>- Ғылым «Дана өмір сүру»;</li> <li>- Тәжірибелік білім беру «Бақытты ғұмыр»;</li> <li>- Физикалық білім беру;</li> <li>- Өн-күй;</li> <li>- Бейнелеу өнері</li> <li>- Шет тілі (ағылшын тілі)</li> <li>- Өзіндік басқару белсенділігі;</li> </ul> <p>Қосымша элективті пәндер.</p>
<b>Негізгі орта білім беру жүйесінің сипаттамасы</b>	
<p><b>Негізгі орта білім: 5-9 сыныптар</b> Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылыми жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі басқаруына және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы білім алушылардың бейін алды даярлығын қамтиды. Әрбір пәннің мазмұнын зерделеу негізгі орта білім беру деңгейінде аяқталады. Он екі жылдық білім беруге көшкен жағдайда негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – алты жыл. Негізгі орта білім беру сыныптарында оқылатын білім салалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тіл және әдебиет;</li> <li>- Математика және информатика; «Жаратылыстану»;</li> <li>- Адам және қоғам;</li> <li>- Өнертану;</li> <li>- Технология;</li> <li>- Дене-шынықтыру.</li> </ul>	<p><b>Негізгі орта білім: 7-9 сыныптар</b> Негізгі орта білім беру жүйесінде оқушы өзінің академиялық және өмірлік құзіреттіліктерін дамытуды жалғастырады, сонымен қоса демократиялық мемлекеттің азаматына қажетті тұлғалық сапаларды дамытады. Негізгі орта білім беру сыныптарында оқушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- тілдік мәдениетін дамытады, ойын ғылыми жеткізе алу құзіреттілігін арттырады;</li> <li>- оқушылардың креативті деңгейде өмір сүру және білім алуға қажетті өзіндік ойы мен сезімдерін дұрыс жеткізе алу құзіреттіліктері мен дағдаларын меңгереді;</li> <li>- кәсіби даму аймағын айқындау және негіздеу дағдысын меңгеру;</li> <li>- Корея елінің тарихи-мәдени мұрасын құрметтеу және оларды болашақта сақтау, дамыту жолын анықтауға қабілетін қалыптастыру;</li> <li>- өмір сүруде демократиялық ұстанымдарды түсіну және бағалау.</li> </ul> <p>Корея Ұлттық оқу бағдарламасында сәйкес негізгі орта мектепте міндетті 10 пән болғанымен, пәндердің оқу жоспары интеграциялық оқыту ережесін басшылыққа алады, дамытады. Негізгі орта білім беру сыныптарында оқылатын пәндер тізімі (қосымша элективті пәндер бар):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Корея тілі;</li> <li>- Рухани-адамгершілік білім беру;</li> <li>- Әлеуметтік білім беру «Дұрыс өмір сүру»;</li> <li>- Математика;</li> <li>- Ғылым;</li> <li>- Тәжірибелік білім беру;</li> <li>- Техникалық білім беру/үй шаруашылық экономикасы;</li> <li>- Физикалық білім беру (дене-шынықтыру);</li> <li>- Өн-күй;</li> <li>- Бейнелеу өнері;</li> <li>- Шет тілі (ағылшын тілі).</li> </ul> <p>Қосымша элективті пәндер.</p>

<b>Жоғары немесе аға мектеп сипаттамасы</b>	
<p><b>Жалпы орта білім 10-11 сыныптар.</b> Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып саралау, интеграциялау және білім беру мазмұнын кәсіптік бағдарлау негізінде әзірленеді. Негізгі мектептің барлық пәндері бойынша жалпы білімдік дайындық аяқталады. Енді оқушының бір білімдік бағыты саналы түрде таңдауына жағдай жасалып, базистік жоспардағы міндетті емес бөліктер оқушының жекелеген білім салаларын тереңдетіп оқуы үшін және зерттеу-ізденіс сипатындағы жұмыстарды жүргізуі үшін қолданылады. Бұл сатыда оқушылардың қажеттіліктері, икемділіктері, танымдық қызығушылықтарына қарай оларға арналған түрлі курстар оқытылады. Гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық, физика-математикалық, биология-химиялық, техника-технологиялық және басқа бағыттарды оқушылар өздерінің танымдық қызығушылықтары мен қабілетіне қарай тандап алады. Ал білім беру ұйымы өзінің мүмкіндігіне және әлеуметтік мәдени орта ерекшеліктеріне қарай оқушылардың таңдауына түрлі бағыттарды ұсынады. Жалпы орта білім беру сыныптарында оқылатын білім салалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Тіл және әдебиет;</li> <li>- Математика және информатика; «Жаратылыстану»;</li> <li>- Адам және қоғам;</li> <li>- Өнертану;</li> <li>- Технология;</li> <li>- Дене-шынықтыру [5.6];</li> </ul>	<p><b>Аға мектеп 10-12 сыныптар.</b> Корей мемлекетінің Ұлттық білім беру бағдарламасына сәйкес жоғары мектептің негізгі мақсатын әлемдік талаптарға сай өмірлік дағдылар мен құзіреттіліктерді игерген адам тәрбиелеу. Жоғары мектепті бітірген оқушы міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өзіндік тілдік мәдениеті мен ақыл-ес мүмкіндіктерін дамыту, өмір сүрудің өзіндік құндылықтарын анықтау;</li> <li>- креативті өмірде өзіндік ой қорытындысы мен тұжырымын жасай алу қабілеті;</li> <li>- оқушының өзіндік қызығушылығы мен талантына сәйкес болашақ кәсіби жолын анықтауға қажетті базалық құзіреттіліктер мен дағдыларды меңгеру;</li> <li>- Әлемдік деңгейде Корей елінің ұлттық мәдени-мұраларын сақтау және тарату;</li> <li>- әлемдік деңгейдегі азамат ретіндегі құндылықтары қолдау және ұлттық білім беруді дамыту;</li> </ul> <p>Жоғары мектепте 10 сыныпта оқылатын пәндер тізімі (Қосымша элективті пәндер):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Корей тілі;</li> <li>- Рухани-адамгершілік білім беру</li> <li>- Әлеуметтік білім беру: Корей елінің тарихы</li> <li>- Математика</li> <li>- Ғылым;</li> <li>- Тәжірибелік білім беру;</li> <li>- Физикалық білім беру (дене-шынықтыру);</li> <li>- Өн-күй;</li> <li>- Бейнелеу өнері</li> <li>- Шет тілі (ағылшын тілі)</li> </ul> <p>11-12 сынып оқушыларының білім беру бағдарламалары толығымен қосымша элективті пәндер негізінде жасалынады</p>

Кестеден көріп отырғанымыздай Қазақстан мен Оңтүстік Корея орта білім беру жүйелерінде әр елдің өзіндік тарихы мен

елдің әлеуметтік экономикалық жағдайына байланысты өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар.

**2-кесте** – Қазақстан Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес мектептік білім беру жүйесіндегі білім салаларының сапаттамасы

№	Білім салалары	Оқылатын пәндер
1	Тіл және әдебиет	«Сауатты оқу, жазу», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі» (қазақ мектептері үшін) және «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Қазақ тілі» (орыс мектептері үшін), «Ағылшын тілі».
2	Математика және информатика	«Математика», «Алгебра», «Алгебра және бастапқы талдау», «Геометрия», «Информатика»
3	Жаратылыстану	«Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия».
4	Адам және қоғам	«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзілік тарих», «Адам. Қоғам. Құқық», «Өзін-өзі тану».
5	Өнер	«Өн-күй», «Бейнелеу өнері».
6	Технология	«Еңбекке баулу», «Сызу», «Технология».
7	Дене шынықтыру	«Дене шынықтыру», «Бастапқы әскери дайындық».

Корей мемлекетінің жалпы орта білім беру жүйесінде де негізгі міндетті 10 білім саласы болғанымен, білім беру саласының оқу жоспары интеграциялық оқыту ережесін басшылыққа алады. Оның дәлелі, «Әлеуметтік ғылымдар» деген негізгі міндетті білім саласына: Корей географиясы, Әлемдік география, Экономикалық география, Корей елінің мәдени тарихы, Әлем тарихын тану, Құқық және әлеумет, әлеуметтану, мәдениет және әлеумет сынды пәндерді кіргізген. Сәйкесінше 1-10 сынып аралығында оқытылатын негізгі міндетті «әлеуметтік ғылымдар» білім саласына жоғарыда аталып өткен қосымша пәндер жайлы базалық ақпарат береді деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен қоса, Оңтүстік Корей орта білім беру жүйесінде «ағылшын тілі» пәні 1-ші сыныптан 12-ші сынып аралығында оқытылады, бірақ, Қазақстан мектептік білім беру жүйесінде оқытылатын «ағылшын тілі» пәнінен айырмашылығы онда ағылшын тілінің бірнеше түрлері бар. Мысалы: ағылшын тілі ережесі, ағылшын коммуникациясы, ағылшынша жазу, оқу, тыңдау және т.б. Ағылшын тіліне арналған оқу бағдарламасы жалпы мектепке арналған оқу бағдарламасының бір бөлігі ретінде жеке жасалынады. Мемлекеттік орта білім беру жүйесінде тек «ағылшын тілі» ағылшын тілде өткізіледі, ал басқа сабақтар корей тілінде оқытылады.

2001-2004 жж. Қазақстан мемлекеттік білім беру саясатын жүзеге асыру аясында Қазақстан орта білім беру жүйесіндегі мектептерге арналған ұлттық үлгідегі оқулықтарды басып шығара бастады. Дегенмен, еліміздегі мектептерді оқулықтармен қамту және оқулықтарға қойылатын талаптарға оқулық мазмұнының сәйкес келу мәселелері қазіргі таңға дейін қарастыруды қажет етеді. Ал Оңтүстік Кореяда жоғарыда аталған мектептерді оқулықпен қамту және оқулық мазмұнының мәселелері өте жақсы қарастырылған. 2000 жылдары Корей мемлекетінің мектептері білім беру үдерісінде қандай оқулықтарды қолдану жайында шешімді мектеп ішінде айқындайтын болған, бірақ қазір уақыт өзгерді. Мемлекеттің білім беру саясатына сәйкес қазіргі таңда Корей мемлекетінде мектеп оқушыларына арналған пәндік әдебиеттер үкімет тарапынан қатаң бақыланады.

Оңтүстік Корея мектептерінің оқушыларына арналған оқулықтар мен мұғалімдерге арналған әдістемелік нұсқаулықтар мазмұны үкімет тарапынан бекітіліп, мектептерге тегін таратылады. Мектеп оқулықтары тек кәріс тілдерінде басылып шығарылады. Мектеп оқулықтарының мазмұны толығымен корей елінің ұлттық

үлгісіне сәйкес құрастырылған, яғни оқулық бетіндегі суреттер, оқулық ішіндегі мәтіндер, әңгімелер, өлеңдер толығымен кәріс ұлтының тарихи ерекшеліктерін сипаттап, оқушының рухани адамгершілік дүниесін байытуға және интеллектуалды әлеуетін жоғарылатуға бағытталған. Мектеп пәндерін оқытуға бағытталған оқулықтарының барлығында тұлғаға бағдарланған және деңгейлік тапсырмалар, білімнің практикамен байланысы терең қарастырылған. Гуманитарлық бағыттағы пәндердің негізгі тақырыбы корей елінің ерекшеліктеріне бағытталса, тақырыпта қосымша салыстырмалы түрде өзге мемлекеттер жайлы ақпарат беріледі.

Корея мемлекетінде орыс тіліндегі мектептер Ресей Федерациясының қолдауымен Ресей оқу жоспары негізінде жүргізілсе, ағылшын тілінде оқытылатын халықаралық мектептер АҚШ немесе Ұлыбританияның оқу бағдарламаларымен оқытады.

Қазақстан орта білім беру жүйесінде қарқынды қолданылып жүрген АКТ технологиялары Оңтүстік Корея мектептерінің білім беру үдерісінде де қолданылады. Сонымен қоса, білім беру үдерісінде интеграциялық әдіс және Флип оқыту әдісі кеңінен қолданылады және оқытудың Education 3.0 технологиясы қолданылады.

### Қорытынды

Қорыта келгенде, әлемдік білім кеңістігіне толық интеграциялануды мақсат еткен Қазақстан орта білім беру жүйесін жетілдіру үшін Оңтүстік Корея мемлекетінің орта білім беру жүйесіндегі озық тәжірибелерді зерттеу өте өзекті болып есептеледі.

Оңтүстік Корей орта білім беру жүйесі жайлы әдебиеттерді және білім беру саласында қолданылатын құжаттары мен оқулықтарды (оқу бағдарламалар, оқулықтар) талдау, Оңтүстік Корей мектептерінің мектептік білім беру үдерісін бақылау мемлекеттің орта білім беру жүйесінің төмендегідей артықшылықтарын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді

– жалпы орта білім беру жүйесі мемлекет (ЖІӨ 17,4%) және жеке спонсорлар (Samsung, Lotte және KAIST-center т.б. компаниялар) тарапынан жақсы қаржыланды;

– мектептер ең жаңа АКТ және оқу құралдарымен қамтылған;

– мектеп мұғалімдерінің мәртебесі өте жоғары;

– жалпы білім беру жүйесінде қолданылатын оқу бағдарламасы түсінікті тілде жазылып, жоғары әдістемелік талаптарға сай құрастырылған;

– оқу бағдарламасының жалпы және әр мектеп деңгейіне арналған мақсаттары Корей халқының ұлттық құндылықтарын басшылыққа ала жасалынған;

– оқу бағдарламасының мазмұндық құрылымы мен жүзеге асырылу уақыты нақты көрсетілген;

– орта білім беру жүйесінің әр деңгейінде оқушылар нақты қандай құзіреттіліктерді меңгеретіні айқындалған;

– орта білім беру сапасын және оқушылар үлгерімін бағалаудың нақты көрсеткіштері айқындалған.

Корей мектебінде қызмет атқаратын «С» мұғалімінен анонимді түрде алынған сұқбатына сүйенетін болсақ, Корей мектептерінің артықшылықтары да кемшіліктері де бар. Артықшылығы, корей мектебінің кез келген деңгейіндегі білім беру мазмұны практикамен тығыз байланысты, яғни биология, химия сабақтарында лабо-

роториялық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі, мектеп өмірінің заман сұранысымен сәйкес ұйымдастырылуы, яғни, мектепке танымал тұлғаларды шақырып лидерлік дәрістер оқыту, мектеп оқушыларының түрлі салада жобалық жұмыспен айналысуы және т.б. «С» мұғалімнің пікірінше «Корея мектептерінің негізгі кемшіліктерінің бірі мектептеріндегі 1 деңгейден 2-ші деңгейге өту емтихандары өте күрделі және бұл емтихандан өту үшін оқушылар мемлекет тарапынан бекітілген оқу бағдарламасынан тыс көптеген қосымша ақпараттарды оқуы керек».

Бүкіләлемдік жаһандану заманында кез келген мемлекеттің ең негізгі мақсаты ұлттық ерекшелігін сақтап оны дамыту, сонымен қоса, әлемдік білім, ғылым, мәдениет кеңістігінде өзінің орнын айқындау. Ол үшін мемлекет өзге дамыған мемлекеттің озық тәжірибелерін зерттеу, өз кемшіліктерін түзетуі өзекті болып есептеледі.

#### Әдебиеттер

- 1 Кусаинов А. Качество образования в мире и в Казахстане. – М.: АНОО «Издательский Центр ИЭТ», 2014. – 208 с.
- 2 Білім беру саясаты: үдеріс, тақырыптар, әсерлер/Les Bell, Howard Stevenson. – LONDON AND NEW YORK: Routledge Taylor & Francis Group
- 3 Thrupp M., Willmott R. (2003) Тайм менеджменттегі білім беруді басқару: Beyond the Textual Apologists, Maidenhead: Ашық университеттік пресса.
- 4 Основные результаты международного исследования образовательных достижений 15-летних обучающихся PISA-2012 / А. Култуманова и др. – Астана: НЦОСО, 2013. – 283 с.
- 5 Asian Development Bank (ADB) (2004), Education reforms in countries in transition: policies and processes, six country case studies commissioned by the Asian Development Bank in Azerbaijan, Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Mongolia, Tajikistan, and Uzbekistan, Asian Development Bank, Manila, [www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf](http://www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf).
- 6 Акимжанова Г.М. Современное состояние образования в Республике Казахстан // Педагогика. – 2005. – №6. – С. 106.
- 7 Кусаинов А. Орта білім беру жүйесіндегі дағдарыс: шығу жолдары. – Алматы: ROND&A, 2016.

#### References

- 1 Kusainov A. The Quality of education in the world and in Kazakhstan. – «Publishing Center of Institute of Efficient technologies». Moscow, 2014. – 208 p.
- 2 Education policy: process, themes, effects//Les Bell, Howard Stevenson. – LONDON AND NEW YORK: Routledge Taylor & Francis Group
- 3 Thrupp M., Willmott, R. (2003) Time menejmentis Bilim beroud Basara: Beyond the Textual Apologists, Maidenhead: Ashy universitet press
- 4 The main results of the international study of educational achievements of students 15 летних PISA-2012. A. Kultumanova and other. – Astana, 2013. – 283 p.
- 5 Asian Development Bank in Azerbaijan, Kazakhstan, Kyrgyz Republic, Mongolia, Tajikistan, and Uzbekistan, Asian Development Bank, Manila, [www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf](http://www.pitt.edu/~weidman/2004-educ-reforms-countries.pdf).
- 6 Akimzhanova G.M. The current state of education in the Republic of Kazakhstan // Pedagogic. – 2005. – № 6, P. 106.
- 7 Kusainov A. Crisis in secondary education: the ways out. – Almaty: ROND&A, 2016 g.